

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті**  
**Тарих кафедрасы**  
**Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша АК мәжілісінің**  
**№ 7 хаттамасы**

Түркістан қаласы

14.03.2024 ж.

**Қатысқандар:** АК төрағасы - PhD доцент Қ.Базарбаев, АК мүшесі, академиялық персонал - PhD М.Салғараев, жұмыс беруші өкілі - АҒЗИ директоры К.Жетібаев, жұмыс беруші өкілі - М.Әбенова атындағы ЖОМ директоры Т.Меңдібаева, білімгерлер өкілі - докторант З.Сенгирбаева, білімгерлер өкілі - Ү.Абдуалиев

**Күн тіртібі:**

1. Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ ішкі аудитін өткізу.
2. Жұмыс берушілермен кездесу ұйымдастыру.

**Тыңдалды. АК төрағасы Қ.Базарбаев:** Құрметті АК мүшелері, наурыз айында ББ ішкі аудитін ұйымдастыру тақырыбына семинар, тренинг өткізу, қолданыстағы ББ аудит арқылы бекітілген ережелерге сәйкестігін анықтау, және аудит нәтижесі бойынша ББ қайта қарау, жетілдіру шешімдерін қабылдау жоспарланған. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша қолданыстағы ББ қайта қаралып, сарапталды. Университет Академиялық департамент тарапынан келген Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша ұсыныстары ескерілді. Сараптамалық тұжырымдамалар мен сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, аталған ББ-лардың жақсы көрсеткішке ие болғанын атап өтуге болады. Қолданыстағы ББ мазмұны халықаралық талаптарға сәйкес жасалған.

**АК мүшесі, М.Салғараев:** «Тарих» кафедрасында жұмыс берушілермен кездесу 05.03.2024 жж. «6B0161-Тарих», «6B02231-Тарих», «7M02210»- Тарих білім беру бағдарламаларының жұмыс берушілермен жоспарлы отырысы өтті. Бұл отырысқа АҒЗИ директоры К.Жетібаев, М.Әбенова атындағы ЖОМ директоры Т.Меңдібаева қатысты. Дөңгелек үстел барысында бәсекеге қабілетті жоғары білімі бар мамандарды даярлау, оларды одан әрі жұмысқа орналастыру, білім сапасын арттыру және түлектердің кәсіби құзіреттіліктерін дамыту, сонымен қатар университет пен жұмыс берушілер арасындағы серіктестікті одан әрі нығайту мәселелері кеңінен талқыланды. Жас мамандарды қолдауда дуальды білім беру форматының элементтерін және әлеуметтік саясатты енгізудің тиімділігі мәселелері қарастырылды. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және оңтайландыру, оның нәтижелерін және болашақ мамандардың құзыреттілігін анықтау бойынша бірлескен жұмыстарды жүргізу. Жұмыс берушілердің элективті пәндер каталогын қалыптастыруға қатысуын қамтамасыз ету мәселелері қамтылды. Жұмыс берушілермен бірлесе отырып, оқытудың барлық деңгейлерінде тәжірибеге бағытталған оқытуды кеңейту мақсатында дуальды оқыту жүйесін әзірлеу. Практикаға бағытталған оқыту принциптерін ескере отырып, студенттердің өндірістегі тәжірибесін ұйымдастырудың формалары мен мазмұнын жетілдіру.

Белгілі бір арнайы пәндер бойынша сабақтар өткізуге, сондай-ақ оқу-әдістемелік материалдарды бірлесіп дайындауға өндірістен тәжірибелі практиктерді тарту бойынша жұмысты кеңейту мәселелері қамтылды.

**Шешім:**

1. Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ ішкі аудитін өткізу назарға алынсын.
2. Жұмыс берушілермен кездесу ұйымдастыру есепке алынсын.

**АК төрағасы:**

**Қ.Базарбаев**

**Хатшы:**

**А.Оспанова**